

# БУЛЛИНГ ПЕН КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ



**Буллинг** – бұл жүйелі түрде бір адамды немесе адамдар тобын қорқыту, қысым көрсету және зорлық-зомбылық жасау.

**Кибербуллинг** – интернеттегі агрессивті әрекеттер, соның ішінде әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы троллинг пен қорқыту. Буллинг пен кибербуллинг мәселелерін шешу үшін ата-аналарды, мұғалімдерді және оқушыларды қамтитын кешенді тәсіл қажет.

## Баланы буллингтен және кибербуллингтен қорғау үшін:

- Балаңызбен сенімді қарым-қатынас орнатып, жиі сөйлесу.
- Балаңызбен буллинг пен кибербуллинг тақырыптарын талқылап, дұрыс әрекет етуге үйрету.
- Балаңыздың эмпатиясын және ассертивтілік дағдыларын дамыту.
- Қорқыту жағдайларында ересектерге хабарлап, бірге шешімін табу.
- Бала қатты күйзеліске ұшыраған жағдайда баланың мектепке біраз күн бармауына мүмкіндік беру, қажет болса сыныбын немесе мектебін ауыстыру.
- Интернетте қауіпсіз қарым-қатынас ережелерін үйрету және әлеуметтік желілерде құпиялылықты орнату.
- Әлеуметтік желілерге жеке ақпаратты (мекенжай, телефон және т.б.) жарияламау.
- Баланың көңіл-күйін қадағалау және оны қолдау маңызды.



**Ересектердің балаға құрмет көрсетіп, оның өз пікірін білдіруін және сәтсіздіктерден қорықпауды үйретуі өте маңызды.**